



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ  
БЎЛИМЛЕНДІРУ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР  
МИНИСТРЛИҒИ

ӘЖНИЯЗ АТЫНДАҒЫ  
НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА  
ИНСТИТУТЫ

БЕКІТЕМІН  
Оқу істері бойынша проректор  
М.Ибрагимов  
« 28 / 06 » 2025 ЖЫЛ

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ ПӘНІНЕН**  
(күндізгі бөлім 2-курс үшін)

Білім саласы: 100000 – Гуманитар сала  
Оқыту саласы: 110000 – Педагогика  
Оқыту бағыты: 60110800 - Ана тілі мен әдебиеті  
(Қазақ тілі және әдебиеті)

**НӨКІС 2025**

МОДУЛ/ ПӘН СИЛЛАБУСЫ  
Түркі тілдері факультеті  
60110800 – Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдары

Пән/модул:	Қазақ әдебиеті тарихы								
Пән/модул түрі:	Міндетті								
Пән/модул коды:	QozAT12345620								
Жыл:	2025-2026								
Семестр:	3-4								
Оқыту қалпы:	күндізгі								
Жаттығулар қалпы және жалпы семестрге ажыратылған сағаттар:	жалпы:	1	2	3	4				
Жалпы аудитория жаттығулары сағаты:		-		120	120				
Лекция		-		30	30				
Семинар		-		30	30				
Лаборатория		-		-	-				
Өзіндік білім				60	60				
Кредит мөлшері:				4	4				
Бағалау қалпы:	Сынақ және емтихан								
Курс тілі:	Қазақ								

**1. Пән/модулдің мақсаты (ММ)**

<b>П/ММ1</b>	<p>Қазақ әдебиетінің бұл бөлімі Алтын Орда дәуірі әдебиеті және XVII ғасырдағы көркемдік-тарихи шежілер туралы, хандық дәуір әдебиеті тұсындағы ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтиды.</p> <p style="text-align: center;"><b>Пәннің мақсаты мен міндеттері</b></p> <p>Пәнді оқытудан мақсат – студенттерге қазақ әдебиетінің саласы ежелгі дәуір әдебиетінің бастау бұлақтары сақ және ғұн дәуіріндегі қаһармандық дастандар, Орхон-Енесей жазба ескерткіштері және олардың көркемдік ерекшеліктері, орта ғасыр түркі тектес ғалымдардың еңбектері, Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан мәлімет беру.</p> <p style="text-align: center;"><b>Пән бойынша студенттердің білім, көндікпе практикасына қойылатын талаптар</b></p> <p>«Қазақ әдебиеті тарихы» пәнін игеруде ежелгі дәуір әдебиеті әдебиеттану ғылымының бөлімі ретінде көркем сөз өнерінің тарихын халқымыздың төл тарихынан бөліп жармай, тұтас күйінде алып зерттейтінін аңғарту; ежелгі дәуірдегі шығарманың туылуын, әдеби өмірдің кемелденуін, сан алуан әдеби бағыттар мен көріктеу құралдарының даму кезеңдерін, әдеби үдерсіке ықпал еткен қаламгерлердің шығармаларын танып-білу; ежелгі дәуір шығармаларын зерттеуге ат салысқан әрідегі, берідегі ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектерімен студенттерді хабардар ету.</p>
--------------	--

<b>Пәнді меңгеру үшін қажетті бастапқы білімдер</b>	
<b>2</b>	Өнер және оның түрлері жайлы мәлімет беру. Әдебиет – сөз өнері екендігін білу. Әдебиеттану ғылымының қалыптасуы және даму тарихын білу. Көркем шығарманы обарздар жүйесіне қарай талдау. Көркем шығарманы жанрлық тұрғыдан үйрену. Өлең құрлысына қарай талдау жасау. Әдебиеттің тектері мен түрлері жайлы мәліметке ие болу.
<b>1. Оқыту нәтижелері (ОН)</b>	
<b>ОН1</b>	Қазақ әдебиетін оқытуда замауни жандасулар және инновацияларды енгізу үшін қажет болатын білім және дағдылар
<b>ОН2</b>	Заманауи талаптар негізінде әдебиет сабақтарында әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жолдары
<b>ОН3</b>	оқыту саласындағы инновациялық қызмет түрлерінен хабардар болу
<b>ОН4</b>	әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын бүгінгі күн талаптарын білу
<b>ОН5</b>	әдебиеттану пәнінің мазмұны, құралдары, әдістері және формаларының үздіксіздігі және бірізділігі
<b>ОН6</b>	оқу жаттығуларында ақпарат ресурстарынан тиімді пайдалану
<b>ОН7</b>	оқыту мазмұнына сай ақпараттарды қайта өңдеу, жинақтау және оқушыларға меңгерту дағдыларына ие болу
<b>ОН8</b>	сабақ процесінде инновациялық технологиялардан пайдалану
<b>ОН9</b>	әдебиет пәніне қойылатын талаптар негізінде сабақтарды ұйымдастыру ептілігіне ие болу
<b>ОН10</b>	заманауи технологиялар және инновацияларды кәсіби қызметінде қолдана алу
<b>ОН11</b>	әдебиеттану ғылымындағы жетістіктер, пәннің ғылым және практика барысында қолдану бойынша зерттеу еңбектерден хабары болуы
<b>Пән модуль мазмұны:</b>	
<b>Жаттығулар қалпы: лекция (Л) III семестр</b>	
Л1	<b>1-тақырып. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.</b> XV-XVI ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелуі. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің даму бағыттары.
Л2	<b>2-тақырып. Асан Қайғы өмірі, шығармашылығы мен толғаулары.</b> Асан қайғы қмірі туралы мәлімет. Аты аңызға айналған данышпан. Асан қайғы толғауларының тақырыптық ерекшеліктері, дидактикалық сарыны. Әз-Жәнібек ханға айтқан арнау-толғаулары.
Л3	<b>3-тақырып. Қазтуған жырау өмірі мен шығармашылығы.</b> Қазтуған жырау өмірі туралы мәлімет. “Бұдырайған ек шекелі” толғауындағы Қазтуғанның өз бейнесі. Жыраудың толғауларындағы суреттеулер мен обарздар.
Л4	<b>4-тақырып. XVI ғасырдағы қазақ әдебиеті. Доспамбет жырау.</b> Жыраудың өмірінен мәлімет. Жырау толғауларының басты идеясы – ерлікті, батырлықты дәріптеу. «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық», «Сере, сере, сере қар» толғауларындағы елді-жерді қорғау міндеті, соғысып өлу арманының көрініс табуы. Доспамбет толғауларындағы дүниенің өткіншілігі, адам өмірі туралы ой толғаныстарының жырлануы.
Л5	<b>5-тақырып. Шалкиіз жырау.</b> Ш.Тіленшіұлы (1456-1560) – қазақ поэзиясында философиялық бағыттың негізін салушы, жаңашыл жырау. Жыраудың өмірінен деректер. Арнау-

	толғауларындағы заман тынысы, хан мен жырау қарым-қатынасы. Шалкиіздің ақындық шеберлігін танытатын көркемдік тәсілдер. Жырау шығармашылығының зерттелуі.
Л6	<b>6-тақырып. XVII ғасыр қазақ әдебиеті. Жиёмбет жырау.</b> Жиёмбет Бортоғашұлы – Есім ханның әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырау, қабырғалы би. Жырау өмірінен мәлімет берер аңыз әңгімелер. Есім ханға арнаған толғаулары.
Л7	<b>7-тақырып. Марғасқа жырау</b> Марғасқа жырау – Есімханның батырларының бірі, жырау. Өткір тілді, суырып салма өнердің шебері. Марғасқа жырау – ерлікті, беріктікті жырлаушы. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауының шығу тарихы.
Л8	<b>8-тақырып. XVIII ғасыр қазақ әдебиеті. Ақтамберді жырау.</b> Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768) – жоңғарларға қарсы күрес дәуіріндегі қол бастаған батыр, жортуыл жыршысы. Жыраудың өмірінен мәлімет. Толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру.
Л9	<b>9-тақырып. Үмбетей жырау.</b> Үмбетей (1706-1775) – өз дәуірінің аса маңызды мәселелерін жырлаған үлкен тынысты жырау. Үмбетей жырау толғауларында ел тұрмысындағы маңызды мәселелер, батырлардың ерлігі мадақталып, жырлануы. Үмбетей – Абылай және оның батырлары жайындағы жырларды туғызушылардың бірі. Жырау толғауларында ел, жер, тарихы туралы деректердің берілуі. Үмбетейдің дақын шығарған «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуі» толғаулары.
Л10	<b>10-тақырып. Тәтіқара өмірі мен шығармашылығы.</b> Тәтіқара ақын – қазақ халқының тарихында сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, жауынгер ақын. Тәтіқара ақынның Абылай ханның жортылу жыршысы болқы. Ақын өмірінен декертер. «Қамыстың басы майды, түбі сайда» толғаулары ерлердің рухын көтеру, жігерлендіру үшін айтылғаны.
Л11	<b>11-тақырып. Шал (Тілеуке) Құлекеұлы өмірі мен шығармашылығы.</b> Шал Құлекеұлы – жыраулар поэзиясы үлгісінен өзгешелеу, жаңа типтегі ақын. Шал ақынның өмірінен мәлімет. Ақын өлеңдерінің тақырыптық ерекшеліктері. Кедейлік, адам өмірінің кәрілік, жастық кезеңдері. Шал ақын өлеңдеріндегі лирикалық поэзия үлгілерінің кездесуі.
Л12	<b>12-тақырып. Бұхар жырау өмірі мен шығармашылығы.</b> Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) – қазақ жыраулар поэзиясының алыбы. Абылай ханның кеңесшісі, ақылгөй биі. Бұхар жырау – қазақ халқының ынтымағын, бірлігін ту етіп көтерген ұлы тұлға, кемеңгер жырау. Жыраудың өмірі туралы мәлімет. Жырау шығармашылығын тақырыптық ерекшеліктеріне қарай: адамгершілік-имандылық тәрбиесін жырлайтын насихат толғаулар, ел бірлігі тақырыбындағы толғаулар, Абылай ханға арналған толғаулар, отаршылдыққа байланысты туған толғаулар деп топтастырып қарастыру.
Л13	<b>13-тақырып. Көтеш ақын өмірі мен шығармашылығы.</b> Көтеш ақын Райымбекұлы (1745-1818) – жоңғарларға қарсы күресті жырлаған жауынгер ақын. Ақынның тұрмыс, кедейлік мәселелерін жырлаған толғау жырлары.
Л14-15	<b>14-тақырып. Жанкісі мен Жанақ ақын өмірі мен шығармашылығы.</b> Жанкісінің өмірінен мәлімет. Жанкісі ақынның - Қоқан әміршілерінің

	<p>озбырылығын әшкерелейтін, қасірет шекен халық атынан айтылатын арыз ретіндегі туындылары.</p> <p>Жанақ – ел аузында аты көп аталып жүрген, қазақтың өлкесіне есімі әйгілі саңлақ. Ақын өмірінен мәлімет. Жанақ айтыскер ақын. Жанақ – арнау өлең көп шығарған ақын.</p>
	<b>IV семестр</b>
Л 1	<p><b>1-тақырып. Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) – еліне, халқына шын беріліп, сол үшін шыбын жанын пида еткен асыл ер, қалың бұқара мақсатын жоғары ұстай білген азамат ақын. Ақын өмірінен деректер. Махамбет – сыуырып салма, төкпе, күрескер ақын. Махамбет заман шындығынан бірден-бір дұрыс қорытынды жасай білген реалист ақын. Махамбет – қазақ әдебиетінде ең бірінші болып хан-сұлтандарға өарсы халық қарғысын батыл да ашыө айта алған ақын.</p>
Л 2	<p><b>2- тақырып. Шернияз Жарылғасұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867) – суырып салма, төкпе ақын.Шернияз Махамбет рухында өлеңдер шығарып, халықты ханға қарсы күреске үндейді. Шернияз табан астынан уытты сөздерді, шешендік тіркестерді шығарып айтуға шебер ақын. Шернияз – көкрем сөзге жүйрік, тілге шебер, өзіндік беті айқын, ойларын жеріне жеткізе айта білген шешен ақын.</p>
Л 3	<p><b>3-тақырып. Шөже Қаржаубайұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895) – сурып салма, төкпе ақын. Ақынның өмірінен мәлімет беру. Шөже ақынның толғаулары мен арнау өлеңдері. Шөже – айтыскер ақын. Шөже халық мұраларын жатқа білген, жиі айтып жүрген.</p>
Л 4	<p><b>1-тақырып. Мәделі Жүсіпқожаұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Мәделі Жүсіпқожаұлы (1816-1888) – қазақ топырағындағы әрі батыр, әрі ақын атанған азаматтардың бірі. Мәделі – айтыскер ақын. Мәделі ақын – ел татулығын, тыныштығын тілеген ақын. Мәдеоі – сыал өлеңдер де жазған, поэзияда өзіне тән түр іздерін салған.</p>
Л 5	<p><b>5-тақырып. Шортанбай Қанайұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Шортабай Қанайұлы (1818-1881) – XIX ғасырда қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын, өзіндік сөз өрнегі бар өнерпаз. Ақынның өмірі туралы мәлімет. Шортанбай – өз дәуірінің шынайы сыншысы.</p>
Л 6	<p><b>6-тақырып. Сүйінбай Аронұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Сүйінбай Аронұлы (1822-1895) – қазақ халқына белгілі ақындардың бірі. Сүйінбай өмірінен деректер. Сүйінбай – айтыскер ақын. Сүйінба»й – халқымыздың поэтикасына жетік шебер тілді, жүйрік ақын. Сүйінбайдың арнаулары мен толғаулары. Сүйінбай – халық батырларын үлгі етіп, қаһармандық жырларын толғаған эпик ақын.</p>
Л 7	<p><b>7-тақырып. Майлықожа Сұлтанқожаұлы өмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898) – XIX ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ақынның өмірінен деректер беру. Ақынның толғаулары мен арнаулары. Майлы ақын – өзі өмір сүрген заманның озбырлық сырын жақсы түсініп, әділет жолын жақтаған ақын.</p>
Л 8	<p><b>8-тақырып. Мұрат Мөңкеұлы кмірі мен шығармашылығы.</b></p> <p>Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) – жезтаңдай шешен-жырау, төгілген ақпа ақын. Мұрат – айтыскер ақын. Мұрат ақын шығармалырының ең көлемдісі “Қарасай-</p>

	Қази” жыры. Мұрат ақынның әдеби мұраларының құнды бір саласы, оның лирикалары – аранау, хат, сын-сұхбат, ақыл-нақыл сарындағы туындылары.
Л 9	<b>9-тақырып. Біржан сал Қожағұлұлы өмірі мен шығармашылығы.</b> Біржан сал Қожағұлұлы (1831-1897) – XIX ғасырдағы қазақ халқы мәдениеті тарихынан елеулі орын алатын ірі ақындардың бірі. Біржанна қалған мұралар – салмағы, қадір қасиеттері, шынайы өнер туындыларына лайық, шын мәнінде ғажайып туындылар. Біржан – лирик ақын. Біржан – айтыскер ақын.
Л 10	<b>10-тақырып. Сара Тастанбекқызы өмірі мен шығармашылығы.</b> Сара Тастанбекқызы (1853-1907) – халқымыздың ғасыр бой аузынан тастамай, атының өзін бойтұмардай қастерлеп келген өлең өнерінің дәлмәрі. Ақын өмірі туралы. Сара – дарынды ақын, саналы суреткер, көркем сөздің шебері. Сараның ақындық өнерінің шыңы – Біржанмен айтысы
Л 11	<b>11-тақырып. Ақан сері Қорамсаұлы өмірі мен шығармашылығы</b> «Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) – қазақтың ән өнері аспанында зор даусымен асқақатат жыр нөсерін төккен ерекше дарын иесі, сегіз қырлы, бір сырлы адагер азамат. Ақан сері – лирик, әнші, ақын. Ақын өлеңдеріндегі сүйіспеншілік тақырыбы. Ақан сері қоғам өмірі туралы терең тоғанып, езілген елмен бірге күңіренген ақын.
Л 12	<b>12-тақырып. Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығы.</b> Шоқан Уәлиханов (1835-1865) – заманының жан-жақты білгір ғалымы, батыл саяхатшысы. Ол – қазақтың тарихын, этнографиясын және әдебиетін тұңғыш зерттеуші. Шоқан – халық ауыз әдебиеті үлгелерін жинаушы. Шоқан – публицист жазушы.
Л 13	<b>13-тақырып. Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы.</b> Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) – қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушы. Өз заманының ірі қоғам қайраткері, тұңғыш педагог жазушы, ағартушы ғалым. Ыбырай - қазақ даласында оқу-ағару ісімен және мектеп ашу жұмысымен шұғылданған ұстаз. Ыбырайдың – педагогикалық көзқарастары. Ыбырай көрнекті ақын, таланты жазушы.
Л 14-15	<b>14-15тақырып: Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы.</b> Абай Құнанбаев (1845-1904) – қазақ халқының тұтас бір дәуіріндегі ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңы іспетті бейнеленетін кеменгер ақын. Абай шығармашылығы. Абай қазақ поэзиясының реформаторы. Абайдың поэмалары. Абайдың қарасөздері мен нақылдары – ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығарма.
	<b>ЖАЛПЫ</b>
	<b>Жаттығу қалпы: Семинар жаттығулар (С) III семестр</b>
С1	Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет.
С2	Асан ұайғы өмірі мен шығармашылығы
С3	Қазтуған жырау өмірі мен шығармашылығы
С4	XVI ғасырдағы қазақ әдебиеті. Доспамбет жырау
С5	Шалкиіз жырау өмірі мен шығармашылығы
С6	XVII ғасыр қазақ әдебиеті. Жиёмбет жырау.
С7	Марғасқа жырау өмірі мен шығармашылығы

C8	XVIII ғасыр қазақ әдебиеті. Ақтамберді жырау
C9	Үмбетей жырау өмірі мен шығармашылығы
C10	Тәтіқара өмірі мен шығармашылығы
C11	Шал (Тілеуке) Құлекеұлы өмірі мен шығармашылығы
C12	Бұхар жырау өмірі мен шығармашылығы
C13	Көтеш ақын өмірі мен шығармашылығы
C14	Жанкісі өмірі мен шығармашылығы.
C15	Жанақ ақын өмірі мен шығармашылығы
<b>IV семестр</b>	
C1	Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы
C2	Шернияз Жарылғасұлы өмірі мен шығармашылығы.
C3	Шөже Қаржаубайұлы өмірі мен шығармашылығы.
C4	Дулат Бабатайұлы өмірі мен шығармашылығы
C5	Шортанбай Қанайұлы өмірі мен шығармашылығы.
C6	Мұрат Мөңкеұлы өмірі мен шығармашылығы
C7	Сүйінбай Аронұлы өмірі мен шығармашылығы
C8	Мәделі Жүсіпқожаұлы өмірі мен шығармашылығы
C9	Майлықожа Сұлтанқожаұлы өмірі мен шығармашылығы.
C10	Біржан сал Қожағұлұлы өмірі мен шығармашылығы
C11	Сара Тастанбекқызы өмірі мен шығармашылығы
C12	Ақан сері Қорамсаұлы өмірі мен шығармашылығы
C13	Шоқан Уәлиханов өмірі мен шығармашылығы
C14	Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы.
C15	Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы
<b>Өзіндік білім III семестр</b>	

№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
1.	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	20
2.	Презентация жасау	10
3.	Конспект жасау, Глоссарий дайындау	10
4.	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	10
5.	Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды.	10
	<b>Жалпы</b>	<b>60</b>

<b>Өзіндік білім IV семестр</b>		
№	Өзіндік білім тақырыптары	Ажыратылған сағат
1	Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды	20
2	Презентация жасау	10
3	Конспект жасау, Глоссарий дайындау	10
4	Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу	10
5	Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды.	10

	<b>Жалпы</b>	60
Бұл пәннен курс жұмысын жазу жоспарланбаған.		
<p style="text-align: center;">1. Оқыту технологиялары мен әдістері:</p> <p><i>Лекция</i> – интербелсенді әдістер; жұп және топпен жұмыс жасау; өзіндік пікір білдіру және оны қорғау; презентация жасау.</p> <p><i>Семинар жаттығулары</i> – тақырыпқа тиісті материалдарды жинақтау, талдау, саралау сияқты жұмыстар орындалады.</p> <p>Өзіндік жұмыстар төмендегі түрлер бойынша орындау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- эссе жазу – өзекті мәселе бойынша жеке сыни пікірін жазбаша баяндау;</li> <li>- баяндама жасау;</li> <li>- мәтіндік талдау жасау;</li> <li>- күрделі тақырыптарға конспект жазу;</li> <li>- қосымша материалдарды жинау және саралау;</li> <li>- тақырыптар бойынша тест құрастыру;</li> <li>- кейс тапсырмаларын орындау.</li> </ul>		
<p style="text-align: center;">8. Кредит топтау үшін талаптар:</p> <p>Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық меңгеру, талдау нәтижелерін дұрыс баяндау, үйренілген үдерістер туралы өзіндік пікірге ие болу. Аралық бақылау формасында берілген міндеттер мен тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша ауызша немесе жазбаша жұмыс түрін тапсыру.</p>		
<p style="text-align: center;">9. Пән бойынша студенттер білімін бағалау және бақылау критерийлері</p> <p>Студенттердің оқу нәтижелері 100 балдық рейтинг жүйесінде бағаланады. Студенттердің оқу нәтижелері бойынша балдарын конвертация жасау ECTS (European Credit Transfer System) жүйесі негізінде амалға асырылады.</p>		

### Кредиттік модуль бойынша студенттердің білімін бағалау критерийлері

Оқу нәтижелерін бағалау үшін балдар төмендегі тәртіпте амалға асырылады:

Ағымдағы бақылау балы	Аралық бағалау балдары	Үакuniу nazorat bali
<p>Аудитория жаттығуларында берілген тапсырмаларды орындағаны үшін – ағымдағы бағалау (Ағ.Б.);</p> <p>Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.);</p>	<p>Аралық бақылау кезінде жауап бергені үшін – аралық бақылау балы (Ар.Б.Б.)</p> <p>Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.);</p>	<p>Қортынды бақылау кезінде жауап бергені үшін – қорытынды бақылау балы (Қор.Б.Б.)</p>
<p><i>Ағымдағы бақылаудың максимал балы – 30 балл:</i></p> <p><math>\Sigma \text{Ағ.Б} = \text{Ағ.Б} + \text{Өз.ЖБ}</math></p>	<p><i>Аралық бақылаудың максимал балы – 20 балл:</i></p> <p><math>\Sigma \text{Ар.Б} = \text{Ар.Б.Б} + \text{Өз.ЖБ}</math></p>	<p><i>Қорытынды бақылаудың максимал балы: - 50 балл</i></p>
<p><math>\Sigma \text{Ағ.Б.} + \Sigma \text{Ар.Б.} &gt; 30</math> балл жинаған студент қорытынды бақылау тапсыруға</p>		

*рұқсат беріледі.*

Модул(пән)ден меңгеру көрсеткіші (МК):  $\Sigma МК = \Sigma Ағ.Б + \Sigma Ар.Б + Қор.Б$   
 $\Sigma МК \geq 60$  балл жинағанда модул (пән) меңгерілген болады.

Студенттердің оқу нәтижелерін бағалау критерийлері:

Дәреже	5 балдық жүйе (баға)	Меңгергендік көрсеткіші пайызда	Дәстүрлі	Бағалау критерийлері
Оқу басқарма үшін		Профессор-оқытушылар үшін		
A+	4,51 – 5	91 – 100	Үлгілі	Студент материалды өз бетінше меңгереді: қателіктерге жол қоймайды, сабақ процесінде белсенділік танытады, сұрақтарға толық және анық жауап береді.
A	4,26 – 4,5	86 – 90		Студент материалды өз бетінше меңгереді, қателерге жол қоймайды, сұрақтарға толық және анық жауап береді.
B+	4,01–4,25	81 – 85	Жақсы	Студент материалдарды жақсы меңгерген, өзіндік пікірге ие, сұрақтарға толық және анық жауап береді, бірақ аздап болар-болмас қателіктерге жол қояды.
B	3,51 – 4,0	71 – 80		Студент материалдарды жақсы меңгерген, сұрақтарға толық және анық жауап береді, бірақ аздап болар-болмас қателіктерге жол қояды..
C+	3,26 – 3,5	66 – 70	Қанағатт анарлы	Студент негізгі материалды меңгереді, бірақ анық баяндауға қиналады, сұрақтарға жауап беруде анықтық жетпейді, материалды баяндауда кейбір қателіктерге жол қояды, қарым-қатынас процесінде қиындықтарға кез болады.
C	3,0 – 3,25	60 – 65		Студент негізгі материалды меңгереді, бірақ анық баяндауға қиналады, сұрақтарға жауап беруде нақтылық жетпейді, материалды баяндауда кейбір қателіктерге жол қояды.
F	3,0 ден төмен	59 дан төмен	Қанағатт анарсыз	Студент негізгі материалды меңгере аламайды, сұрақтарға жауап бере аламайды, сабақ процесінде белсенділік танытпайды.

**Студенттерді бағалау кезінде мыналар ескеріледі:**

- сабаққа қатысу;
- сабақтағы белсенділік пен шығармашылық;
- негізгі және қосымша оқу материалдарын меңгеру;
- өз бетінше білім алу бойынша тапсырмаларды уақытында орындау;
- бағалаудың барлық түрлерін уақытылы аяқтау

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ТАЛАПТАР

Бақылау тапсырмаларын орындау кезінде көшіруге (плагиат) жол берілмейді.

Бақылау жұмыстарын, оқу жобаларын, өзіндік жұмыстарды, аралық, ағымдағы және қорытынды бақылау тапсырмаларын басқа тұлғалардан көшіруге жол берілмейді, басқа студенттің орнына емтихан тапсыруға тыйым салынады.

Курс бойынша кез келген сынақты бұрмалаған студент «өтпеген» («F») алады.

Сабақ кезінде ұялы телефондарды және басқа да электронды құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

Сабақ кезінде аудиторияда (виртуалды аудиторияда) көрсетілген талаптарға тән емес әрекеттерді орындау мүмкін емес.

Басқаларға, әртүрлі пікірлерге төзімділік таныту талап етіледі.

Байланыс уақыты: Өз бетінше оқу тапсырмаларын орындау, оларды жіберу және қажетті ақпарат пен әртүрлі материалдар бойынша сұрақтар қою үшін төмендегі кесте негізінде нұсқаушымен байланыса аласыз:

### 10. Оқу-әдістемелік әдебиеттер мен электронды оқу ресурстары тізімі.

#### Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Абдувалитов Н. Қазақ әдебиеті тарихы. – Ташкент, «Bookmany print» 2024.
2. Абдувалитов Е. Қазақ әдебиеті тарихы. – Ташкент, “Im ziyo zakovat” 2020.
3. Тасмағамбетова З. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы. Қостанай 2020.
4. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. Алматы, «Қазақ университеті», 2020 ж. 220 б.

#### Көмекші әдебиеттер:

5. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012. Т.6: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 408 б.
6. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Алматы, 2001.
7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқулық. – Алматы, «Санат», 2005. – 336 б.
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, «Санат», 2006 ж. 870 б.
9. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. –Тошкент : Ўзбекистон, 2016. - 56 б.
10. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий яқунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар

Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б.

11. Мирзиёев Шавкат Миромонович. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамыз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б

12. Ўзбекистон Республикаси Президентининг Фармони. Ўзбекистон республикасини янада ривожлантириш бўйича ҳаракатлар стратегияси тўғрисида. (*Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 й., 6-сон, 70-модда*)

13. 2017-2021 йилларда Ўзбекистон Республикасини ривожлантиришнинг бешта устувор йўналиши бўйича Ҳаракатлар стратегияси. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7 февралдаги ПФ-4947 сонли Фармони.

#### **ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ПРЕЗИДЕНТИНИНГ ФАРМОНИ.**

1. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2020 - йил 6 – ноябрдаги "Ўзбекистоннинг янги тараққиёт даврида таълим - тарбия ва илм - фан соҳаларини ривожлантириш чора тадбирлари тўғрисида " ги ПФ - 6108 - сон фармони.

#### **ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ВАЗИРЛАР МАҲКАМАСИНИНГ ҚАРОРИ**

2. 2020 йил 31 декабрдаги “Олий таълим муассасаларида таълим жараёнини ташкил этиш билан боғлиқ тизимни такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида” ги 824-сонли қарор.

#### **Ақпарат ресурстары:**

1. [www.gov.uz](http://www.gov.uz) – Ўзбекистон Республикаси ҳукумат портали.
2. [www.lex.uz](http://www.lex.uz) – Ўзбекистон Республикаси Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
3. [www.tdpu.uz](http://www.tdpu.uz)
4. [www.ziyonet.uz](http://www.ziyonet.uz)
5. [www.bilim.kz](http://www.bilim.kz)

<b>Бағдарлама авторы:</b>	<b>Т.Торткулбаева</b> – “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доцент (PhD)
<b>E-mail:</b>	<a href="mailto:ttabdigaziqizi@mail.ru">ttabdigaziqizi@mail.ru</a>
<b>Мекеме:</b>	Әжінияз атындағы нөкіс мемлекеттік педагогика институты “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы

## 10. Оқу-әдістемелік әдебиеттер мен электронды оқу ресурстары тізімі. Негізгі оқулықтар мен оқу құралдары

Пәннің силлабусы Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты оқу-методикалық Кеңесінің 2025 жыл “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_дағы “\_\_\_\_\_” – сан баяндамасымен бекітілген.

Пәннің силлабусы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2025 жыл “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_дағы “\_\_\_\_\_” – сан баяндамасымен бекітілген.

Оқу-методикалық басқарма бастығы:  А.Абдиев

Факультет деканы:  Б.Давлетов

Кафедра меңгерушісі:  Ы.Куттымуратова

Түзуші:  Т.Торткулбаева